

Қапшағай қаласы, Заречный және Шенгелді ауылдық округтерінің жерлеріне базалық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 174-33 шешімі. Алматы облысы Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қаңтарда N 2-2-99 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 60-247 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 05.02.2016 № 60-247 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 378, 379, 381, 383, 387 баптарына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағандық және саяжай құрылышын жүргізу үшін берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық ставкалары өзгеріссіз және мынадай мөлшерде белгіленсін:

- 1) көлемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда – 0,01 гектар үшін 20 теңге;
- 2) көлемі 0,50 гектардан асатын алаңға – 0,01 гектар үшін 100 теңге.

2. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыштар мен ғимараттар алып жатқан елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары алаңның бір шаршы метріне шаққанда өзгеріссіз және мынадай мөлшерде белгіленсін:

- 1) Қапшағай қаласы үшін 0,39 теңге сомасында;
- 2) Заречный және Шенгелді ауылдық округтерінің елді мекендері үшін 0,09 теңге сомасында.

3. Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер участекерін қоспағанда) Салық кодексінің 381 бабымен белгіленген облыстық маңызы бар қала үшін 6,75 теңгені және селолар (ауылдар) үшін 0,48 теңгені құрайтын базалық салық ставкалары 387 баптың негізінде 1,2 (+0,20,0%) түзету коэффициентін қолдану ретімен алаңның бір шаршы метріне шаққанда мынадай мөлшерде белгіленсін:

- 1) Қапшағай қаласы үшін 8,10 теңге;
- 2) Заречный және Шенгелді ауылдық округтердің елді мекендері үшін 0,58 теңге.
4. Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды,

карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық- қорғаныштық, техникалық және өзге де аймақтарына Салық кодексінің 381 бабымен белгіленген облыстық маңызы бар қала үшін 6,75 теңгені және селолар (ауылдар) үшін 0,48 теңгені құрайтын базалық салық ставкалары 387 баптың негізінде 1,2 (+20,0%) түзету коэффициентін қолдану ретімен алаңың бір шаршы метріне шаққанда мынадай мөлшерде белгіленсін:

- 1) Қапшағай қаласының селитебті аумағы және одан тыс жерлері үшін 8,10 теңге;
- 2) Заречный және Шенгелді ауылдық округтердің елді мекендерінің селитебті аумағы және одан тыс жерлері үшін 0,58 теңге.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төраймы

Қалалық мәслихаттың

хатшысы

Керімбаева Г. Д.

Ахметтаев Қ. Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК